

№ 37 орта мектеп

**2023-2024 оқу жылындағы
Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жүргізілген
жұмыс есебі**

2023-2024

2023-2024 оқу жылында Қалалық психо-медико педагогикалық кеңес беру орталығының шешімімен және ата-аналарының өтініштері бойынша денсаулығына байланысты төменде көрсетілген оқушылар үйден оқытылады.

1. Амин Ибрахим – 2 «б» сынып оқушысы, диагноз- жеңіл интеллектуалды бұзылыс ОНР II деңгей
2. Танер Асия – 5 «а» сынып оқушысы, диагноз - ОНР II деңгей.

Бұл оқушыларға жоспар құрылып, жеке папка ашылып жұмыстар жүргізілді.

Үйден оқытуды ұйымдастыру Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жүзеге асырылып отыр.

Үйден оқытылатын балалардың ата-аналарының өтініші негізінде және психолого-медико педагогикалық консультациялық кеңестің қорытындысы негізінде бұйрық шығарылды. Оқу жоспарына сәйкес сағаттар саны бекітіліп, арнайы сабақ кестесі құрылды. Сабақ кестесі ата-аналарымен таныстырылды. Сонымен қатар күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес электронды журналға сабақтың тақырыптары жазылды.

2023-2024 оқу жылындағы № 37 орта мектебінде инклюзивті білім беруді ұйымдастыру барысында жүргізілетін жұмыстар анықтамасы.

Ерекше назарды талап ететін 17 оқушы анықталды. Оның ішінде психологқа бағытталған оқушылар:

№	Аты-жөні	Туған күні	Класс	ПМПК анықтамасы	Диагноз
1	Байғабыл Рахат	09.02.2013	4 «а»	Жеңіл интеллектуалды бұзылыс	ОНР II деңгей
2	Сапарғали Мансұр	13.02.2015	2 «б»	Ақыл ойдың артта қалуы	ОНР II деңгей
3	Аманова Айнара	30.06.2016	2 «б»	Тірек-қимыл аппаратының бұзылуы	ОНР II – III деңгей көру қабілетінің бұзылуы
4	Өмірбекұлы Расул	10.03.2014	3 «а»		ОНР II деңгей
5	Тұрмағамбетов Тәңірберген	09.07.2009	7 «а»	Тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, Жеңіл интеллектуалды бұзылыс	ОНР III деңгей

Оқушылардың қажетті құжаттары алынып, бұйрық шығарылды. Әр оқушыға жеке папка басталды. Папкаларында оқушылардың жеке құжаттары, анықтамалары, мүмкіндігі шектеулі оқушылардың анықтамалары салынды, барлық оқушыға диагностика жүргізілді. Сонымен қатар, педагогикалық- психологиялық сүйемелдеу жұмысы бойынша барлық оқушыларға 2а, 2 б, 3 г формалары толтырылды.

Оқушылардың психологиялық хал ахуалын бақылау мақсатында «Менің көңіл-күйім» әдісі жүргізілді. Оқушылар өзінің көңіл – күйін смайлик түрінде ақ қағазға салды. Оқушының ой-өріс даму деңгейін зерттеу барысында «Мен және менің отбасым» психологиялық ойыны жүргізілді. Адамның эмоционалды қалыптағы жағдайларын тани білуге, оларды жеткізе білуге тәрбиелеу мақсатында «Менің көзқарасым» сабағы өткізілді. Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын бағалау, қабілетті дамыту мақсатында «Дос болайық» тренингі жүргізілді. Есте сақтау мен ойлау дағдысынын тұрақтылығын зерделеу мақсатында оқушылармен топтық жұмыстар «Төртінші артық», «Мюнстенберг» әдістемесі, «Табиғатқа саяхат», «Мүсін» суреттік жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар, оқушының динамикалық зейін аумағын зерттеу мақсатында А.И.Липкинаның «Үш баға» әдістемесі жүргізілді. Тыңдау зейіннің, эмоционалды есте сақтау жадын, әртүрлі әдістер бойынша эмоционалды қалыпты табиғат дыбыстарымен салыстыра білу қабілетін дамыту мақсатында табиғат кереметі, «Менің ішкі әлемім» сабақтары жүргізілді. Коммуникативті және байланыс, қарым-қатынасты дамыту мақсатында оқушылармен «Жақсылық жасайық» топтық жұмыстар жүргізілді. Оқушының ой-өрісін дамуын, қимыл – қозғалыс жағдайларын дамыту үшін арт-терапия жұмыстары жүргізілді. Ермексиздан түрлі мүсіндер жасай отырып, оқушының қолбуындарының қимылдарын дамыту жұмыстары жүргізілді. Оқушының шығармашылық дамуын арттыру мақсатында түрлі-түсті қағаздармен гүлдер жасау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, оқушының ұғымдарды тез арада қалыптастыру дағдысын зерделеу үшін әртүрлі үш түсті фигуралар арқылы өзін-өзі реттеу қабілетін дамыту сабағы жүргізілді. Оқушының шығармашылық дамуын арттыру мақсатында «Менің жетістігім» суреттік жұмыс жүргізілді. Есту зейінін, эмоциялық есте сақтау қабілетін дамыту, балалардың сөйлеу белсенділіктерін жетілдіру мақсатында «Мұхитқа саяхат» сабағы жүргізілді. Үлкендер әлеміне деген қызығушылықты дамыту, әртүрлі адамдардың еңбегімен танысу мақсатында Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды тақырыбында топтық жұмыстар жүргізілді. Елестетуді дамыту, эмоционалды қалыпты ұзақ есте сақтауды дамыту мақсатында Мен және эмоция сабағы жүргізілді. Оқушының психологиялық хал ахуалын зерделеу мақсатында Менің көңіл-күйім оқушының темпераментін анықтау жұмыстары жүргізілді. Әдістер арқылы оқушының көрнекі – образдық дамуын жетілдіру үшін Равен матрицасы жүргізілді. Қоршаған ортада өз орнын анықтау, сөздік қорды кеңейту мақсатында «Менің ортам» сабағы жүргізілді. Оқушының психологиялық – педагогикалық шаршауын басу, көңіл-күйін көтеру мақсатында оқушылармен әуенді терапия жұмысы жүргізілді.

Мектеп директоры

А.С.Назиков

Мектеп психологы

Г.Қ. Мұханғалиева